

ходов на дискотеки. И эти дети не считают себя ущемлёнными, наоборот, каждый танец для них праздник, удовольствие. Сегодня здоровье жителей развитых стран становятся всё более уязвимыми, а лекарства всё более дорожают. Взгляды всех, как бедных, так и богатых, всё более обращаются в сторону немедикаментозных средств и способов оздоровления, лечения. И здесь объединение ЛФК, музыки и танца может дать огромный положительный эффект. Надо врачам, спортивным тренерам, педагогам хореографии, музыкантам объединить свои усилия. Необходимо научиться использовать теоретические достижения, методические разработки лечебной физкультуры в сочетании с таинственным могуществом музыки и жизнеутверждающей энергией танцев.

Лечение – удовольствие.

В современной практике в кабинетах лечебной физкультуры идет сознательный процесс лечения, проводятся врачебные обследования, определяется заболевание. Больному выписывают лекарство, и этим лекарством являются движения. Когда ребёнок (в случае, если пациентом становится ребёнок) ставится в разряд больного, на мой взгляд, упущение. Это воздвигает значительные психологические барьеры перед будущим выздоровлением.

Излечение от той же гиподинамии в детских хореографических коллективах не выпячивается, оно спрятано за творчеством, за удовольствием, которое несёт ребенку танец. Здесь совмещаются и познание нового, и игра, и соревнование. Чем глубже удастся педагогу спрятать процесс лечения, тем быстрее и надежнее наступает выздоровление. И чем неожиданнее это выздоровление, тем лучше.

Используя объективные закономерности физического развития человека и танец, можно так воздействовать на ребёнка, что удастся, возможно, обеспечить гармоническое совершенствование форм и функций организма, повысить работоспособность. Это в свою очередь может повлиять в будущем даже на сроки естественного старения, увеличить творческое долголетие человека.

Более подробно эта тема раскрыта в монографиях автора /4, 5/.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Гигов Н. Орфей и азбука. – София: Хелиопол, 2006. – 84 с.: ил.
- 2 Ксенофонт. Воспоминания о Сократе. – М.: Наука, 1993.
- 3 Милокова И.В., Евдокимова Т.А. Лечебная физкультура. Новейший справочник. – СПб.: Сова; М.: Изд-во «Эксмо», 2005.
- 4 Ромм В.В. Танец в эволюции человека (Исследование археологических объектов культуры с изображением танца) / LAP LAMBERT Academic Publishing (2011-10-17). Германия. – 440 с., ил.
- 5 Ромм В.В. Введение в танцевально-музыкальную терапию. – 2 изд., исправ. – Новосибирск, 2013. – 244 с., ил.
- 6 Хазрат Инайят Хан. Мистицизм звука: Сборник. – М.: Сфера, 1998. – 336 с.
- 7 Худеков С.Н. История танцев всех времен и народов. Ч. 1. – СПб.: Тип. «Петербургская газета», 1913.

МЕКТЕП ПЕН ОТБАСЫНЫҢ БАЛАНЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУДЕГІ РОЛІ

Сарсекенова А.Б.,

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы «Атырау облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты», Қазақстан

Annotation. Family as a social institute and subject of education are in society. Actuality of theme is in that family is the complex social phenomenon the varied forms of public relations and processes were interlaced in that together. By a problem to date is mutual relations in family and society.

Аннотация. В статье рассматривается роль взаимодействия семьи и школы в социализации личности ребёнка.

Бала алғашқы тәрбие негізін өзінің отбасынан алады. Баланың дамуы өзі өмір сүрген аймағының, қоршаған ортаның бағыт – бағдарына байланысты өрістейді.

Отбасы – адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің, мұралар мен салт – дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасы тәрбиесі – бұл жалпы тәрбиенің ең басты бір бөлігі.

Ата-ана және отбасы мүшелері нәресте дүниеге келген күннен бастап, оның өміріне қамқорлық жасап, болашағын жоспарлайды және саналы азамат болып өсуі үшін қажет жағдай жасайды.

Отбасы, барлық уақытта да, өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесі мәселелерін шешуде үлкен мүмкіндіктерге ие болған. Қазіргі заманғы отбасының өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесі мәселелерін шешудегі ерекшелігі – ата-ананың білім және жалпы мәдени деңгейінің жоғары болуы. Балалардың отбасыдағы тәрбиесі оның белгілі бір тұрақты әлеуметтік институт ретінде анықталады, ол отбасы мүшелері арасындағы өзара қатынастардың қалыптасу мен дамуына септігін тигізетін адамдардың жақындығы, туыстық қатынастар, өзара бауырмалдық, тұрмыстық өмір. Отбасы тәрбиесінің артықшылығы да осы қатынастарда, оны тәрбиенің ешқандай да түрі алмастыра алмайды /1/.

Отбасы тәрбиесінің қоғамдық және мемлекеттік тәрбиеге қарағанда артықшылығы басым. Алайда, қазіргі қоғамдық өмірде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық және демографиялық өзгерістер отбасыға белгілі бір қиыншылықтар туғызады.

Нарық қатынастарының дамуы нәтижесінде отбасыда айтарлықтай адамгершілік тұрғыдан ересектердің де, балалардың да жаңа құндылық бағыттарын қалыптастырып, отбасы өміріне елеулі өзгерістер әкелді. Ата-ана мен мұғалімдердің міндеті – қоғамдық қатынастардың жаңа жүйесі ұсынып отырған әлеуметтік мүмкіншілікті дұрыс пайдалану. Мектеп пен отбасы балаларды тауар мен ақша қатынастарының мәдениетіне үйрету жұмыстарын ұйымдастыру қажет, сондай-ақ алып сату, пайда табу немесе пайдақорлық емес, ол жалпы игілік үшін және өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін құқықтық екі жақты қызмет көрсету екенін көрсету. Ата-ананың маңызды міндеті балалармен біріккен коммерциялық қызмет-әрекетке қатысып, оны бақылау, оларды баланың адалдығын, адамгершілігін, ұқыптылығын дамытатын қызмет көрсетудің әртүрін орындауға үйрету. Нарық отбасы мүшелерінің алатын орнына жанама әсер етеді, олардың өміріне жаңа әлеуметтік бағдарлар енгізеді. Қоғамдық және мемлекеттік тәрбие беделінің төмендеуі отбасы өмірінің тәрбиесіне «өзінше» қиындық әкеледі. Өркениетті қоғам дамыған сайын отбасындағы бала саны азайып келеді. Аз балалы отбасында, негізінен бір баласы бар отбасында, ішкі отбасылық тәрбиенің ең басты жағдайы жоқ, ол – балалар қарым-қатынасы. Бір баланың тәрбиесі қосымша педагогикалық күш салуды талап етеді. Жалғыз балаға деген ата-ананың, әжесі мен атасының артық көңіл бөлуі оны белсенділігінен айырып, оның эгоистік жақтарының басым болуы.

Отбасы тәрбиесінің проблемасы – ананың отбасы тұрмысынан қолы босамауы. Ананың уақыты жетпеуі көбінесе насихат, жазғыру, ұрсу сияқты тәрбиелік ықпалдың нәтижесіз әдістерін пайдалануға мәжбүр болады.

Жалпы адамзаттық құндылықтарды өскелең ұрпақтың ақыл – парасатына азық ете білу үшін әрбір тәрбиеші халық педагогикасын, сан ғасырларда қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет – ғұрыптарды жан-жақты терең біліп ата-аналарды да сол біліммен сусындатып отыруға тиісті. Баланың отбасыда орындайтын тапсырмалары оларды орындауға қатынасы. Баланың отбасыда орындайтын тапсырмалары оның деңгейі педагогикалық үдерістің бірлігі. Бұл деңгей арқылы ата-ананың ұйымдастыру және бағыттаушы ролін; ата-ана мен бала арасындағы өзара қатынастың сипатын; бала тәрбиесіне әсер ететін отбасының мақсатты адамгершілік бағыттарын; баланың отбасыдағы араласатын іс-әрекетінің алуан түрлілігін; ата-ананың тәрбие құралдарын, әдістерін, тәсілдерін пайдалана алу қабілеттерін; баланың белсенділігінің дәрежесін көтеруге болады /2/.

Ата-ана тәрбие жұмысының сапасын оқушының күн тәртібін ұйымдастыруынан көруге болады, онда отбасы тәрбиесінің маңызды ерекшеліктері көрініс табады, отбасының әдет-ғұ-

рыптарының бір бөлігі болып табылады. Күн тәртібі баланың уақыт аралығындағы іс-әрекетінен тұрады: дене және еңбек қызметі, ой белсенділігі, бос уақыт, дер кезінде тамақтану, гигиена, ұйқы. Олардың ара-қатынасы баланың жасына, оның жеке тұлғасының психикалық ерекшеліктеріне және тілек-қалауларына байланысты өзгеріп отырады. Баланың бос уақыты оның күн тәртібінің құрамды бөлігі болып табылады. Оқушының бос уақытын пайдалануы, оның іс-әрекетінің түрлері отбасының тәрбие мүмкіндіктерінің айқын көрсеткіші. Отбасының бос уақытта бірлескен іс-әрекетінің оқушы үшін маңызы өте зор. Отбасы мүшелерінің өзара әрекеттестігі ретінде, түсінісу, сезім әсерлері негіндегі бір-біріне ықпал етуі. Қарым-қатынас кезінде іс-әрекетпен, тәжірибемен, сезім әсерлері қатар жүреді. Ата-ана мен баланың ара қатынасы отбасы өмірінің айқын көрінісі, оның микроклиматын қалыптастырып, отбасының даму мүмкіндіктері. Педагогикалық мәдениеті төмен отбасыларда бос уақыттың педагогикалық мәні болмайды, ол тек көңіл көтері мақсатында ғана пайдаланылады. Педагогикалық үдерістің қызметіндегі іс-әрекеттің маңыздылығын, оның жеке тұлғаның өмірлік болашағын анықтаудағы мақсаттылық сипатын көрсете отырып, оның нәтижелілігі оқушының белсенділік дәрежесі.

Ата-ана арасындағы, ата-ана мен бала арасындағы өзара қатынас педагогикалық үдерістің тәрбиелік механизмдері болып табылады. Олар жеке тұлғалық мән беріп, көзқарастардың дамуына, балалардың мінез – құлығына, олардың адамдарға деген қатысына әсер етеді. Отбасыдағы өзара қатынас сипаты әдет – ғұрыптармен, ата-ананың өзінің бұрынғы отбасысынан алған тәрбие нұсқауларымен, темперамент ерекшеліктерімен, ерлі зайыптылардың эмоционалдық деңгейімен, олардың адамгершілік және педагогикалық мәдениетімен анықталады. Осының бәрі ата-ананың балаға деген қатынасында орын алады.

Сондықтан ұлттық салт-дәстүрмен таныстыру және бала дамуына қажетті мәселелер бойынша ата-аналармен жиналыстар өткізіліп тұрады.

Мектеп отбасының салыстырмалы түрде тәрбиенің тұйық институты екенін, ал ата-аналардың тәрбиелік күш – қуаты мен мүмкіндігінің әр түрлі деңгейде болатынын ескеруі тиіс.

Отбасы – адам баласының түп қазығы, алтын ұясы. Адам баласы шыр етіп дүниеге келгеннен бастап сол ортаның ықпалына көніп, осында ер жетеді. Бала кәмелеттік жасқа толғаннан кейін де өзі отбасын құрып бөлек шықпайынша, туған ата-анасының қол астында, қамқорлығында болмақ. Демек, отбасы – негізгі қамқорлық мектебі. Сондай-ақ, отбасы – өмірге адам әкелу, оның қажеттілігін өтеу, өмірге жан-жақты даярлау, яғни әлеуметтендіру, сол сияқты тәрбиенің барлық түріне бағыт берумен айналысатын әлеуметтік институт. /3/

Қазіргі қоғамда адам баласының толық бақытты болуына негізгі бес нәрсе тікелеу қатысты. Бұл:

- ата-анасының жақсы адамдар болуы
- жақсы ұстаздың кездесуі
- мамандықты дұрыс таңдауы
- лайықты жармен одақтасуы
- өз балаларының болуы

Бұл факторлар тек өз отбасында ғана емес, өмірде адамның шын бақытты сезініп, қабілеті мен мүмкіндіктерін іске асыруына қозғаушы күш іспетті. Баланы жеке тұлға ретінде тәрбиелеуге күш салатын қазіргі заман педагогикасында – мектепке дейінгі тәрбие мен мектептегі оқу-тәрбие үрдісі мен қатар арнаулы орта оқу орындары мен жоғары оқу орындарында да жастарға біліммен қатар тәрбие беріледі. Осыдан-ақ тәрбиенің отбасында да, білім орындарында да үздіксіз берілетінін байқаймыз. Бір уақыттарда жалпы білім беретін мектептер жанынан «ата-аналар университеттері» жұмыс жасап, ата-аналарға арнайы бағдарламалық курспен дәрістер жүргізілетін. Осы үрдісті жоғалтпай алып келе жатырған мектептер қазір де бар екенін білеміз. Дегенмен оны заман талабына сай әдіс-тәсілдерін жетілдіріп, жаңаша құруымыз керек. Себебі еліміздегі нарықтық экономиканың қарқынына ілесу қиыншылығынан, көптеген отбасыларында бала тәрбиесі әлсіреп, олқылықтар пайда болып, ата-ана өз міндетін орындау барысында жіберген кемшіліктерін қоғамға, білім беру мекемелеріне арта

бастаған кездер болды. Алайда, Қазақстан Республикасының Конституциясының 27 – бабында «Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында, балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың табиғи құқығы әрі парызы, кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті», – деп көрсетілген.

Қазіргі уақытта мектеп пен отбасы ынтымақтастық әрекетінің келесі бағыттары айқындалған: ата-аналармен ұйымдастыру – педагогикалық жұмыстары; ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын дамыту; ата-аналармен баланың оқу үлгерімі мен тәрбиесін жақсарту үшін жүйелі жеке дара жұмыстарын жүргізу. Ата-аналармен ұйымдастыру – педагогикалық жұмыстары ата-аналар комитеті (жалпы мектептік, сыныптық), ата-аналар жиналысы және конференциялары сияқты формалар арқылы жүзеге асады. Ата-аналар комитеті – ең белсенді, ықыласты деген ата-аналардан тұратын қоғамдық орган, ол жалпы мектептік (жалпы мектептік ата-аналар комитеті) немесе сыныптық жиналыстарда (сыныптық ата-аналар комитеті) сайланады. Ол 5–6 адамнан (өзара негізгі міндеттерді бөліп алатын председателден және 4–5 мүшесінен) тұрады. Керек болған жағдайда ата-аналар комитетінің жанында кеңестер, комиссияның ынталы топтары құрылуы мүмкін.

Дұрыс және жөнді қызмет ететін ата-аналар комитеті – сынып жетекшісінің оң қолы. Сыныптың барлық күнделікті жұмысы (ұйымдастырылатын, орындаушылық, бастамалық, тәрбиелік, бақылаушылық, үгіттеушілік) сынып жетекшісінің шебер әрі бағыттаушылық ықпалымен ата-аналар комитетінің көмегімен жүзеге асырылады. Ата-аналар комитетінің мүшелері сынып жетекшісіне мектеп пен оқушылардың отбасылары арасындағы байланысты орнатуға, сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын (мерекелерді, кештерді, саяхаттарды, театрға саяхатты, т.б.) өткізуге көмектеседі. Олар педагогикалық жағынан кемшілігі бар балалардың ата-аналарымен арнайы жұмыс жүргізе алады.

Ата-аналар комитеті жұмысының жемісті болу шарттары – оның мүшелерінің ата-аналар ұжымының алдында есеп беруі, оның іс-әрекетіне дем беру (алғыстар, грамоталар, жұмыс тәжірибесін талдап қорыту және арнайы бюллетендер шығару арқылы), сынып жетекшісімен үздіксіз ынтымақтастық әрекет.

Мектептің отбасылармен ұйымдастырылатын – педагогикалық жұмыстар жүйесінде мектеп кеңестерінің қызмет – әрекеті ерекше орын алады, олардың қызметтері сан түрлі болып келеді. Олар ата-аналардың мектеппен байланысын нығайтуға, олардың педагогикалық сауаттылығын ұйымдастыруға ықпал етіп, кейбір отбасылар тәрбиеден көмек көрсетеді (көп балалы отбасыларға, жағдайы нашар отбасыларға). Кей мектептерде құрамына жеткілікті әкімшілік өкілдері, кәсіпорын, фирма, мәдени – ағартушылық ұйымдар, мәдени ұлттық орталықтар басшылары кіретін қамқорлық кеңестері қызмет етеді. Қамқорлық кеңестер мектепке жөндеу және жабдықтау жұмыстарында, компьютерлеуде, тілек – қалаулары бойынша клубтарды ұйымдастыруға, кәсіби бағыттарында, еңбекке орналасуда демеушілік көмек көрсетеді.

Мектеп пен отбасылардың ынтымақтастық әрекеттерінің ұйымдастыру – педагогикалық формаларына, сондай-ақ, ата-аналар жиналыстары мен конференциялары жатады. Олар жалпы мектеп бойынша да, жеке сыныптар бойынша да өткізіледі. Жалпы мектептік ата-аналар жиналысы немесе конференцияларда отбасы мен мектептің оқыту тәрбие жұмыстарын жетілдірудің өзекті мәселелері талқыланады. Отбасымен ұйымдастыру – педагогикалық жұмыстың ең тікелей формасы жеке сынып оқушылары ата-аналарының жиналыстары. Мұндай жиналыстарда сынып жетекшілері оқушылардың үлгерімдері мен тәртібінің сынып өмірі жайлы, ұжым міндеттері туралы, т.б. ақпарат береді. Жиналыстар отбасы мен мектептің тәрбие жұмысында ортақ мақсаттарды анықтау үшін өте маңызды. Жиналыстарды оқушылармен бірге өткізген тиімді. Ата-аналар жиналысы әртүрлі болуы мүмкін: тақырыптық, жиналыс – практикумдар, қорытынды, тоқсандық, жылдық, топтық, әңгімелесу – жиналыстар, т.б. Жылына бір рет болса да сынып немесе мектеп деңгейінде диагностикалық негізде ата-аналар жиналысын (немесе конференцияларды) өткізіп тұру керек, яғни бұл үдерістің жетекші (өзгермелі) сипаттары арқылы мектептегі және отбасыдағы шынайы жайды анықтау үшін керек /4/.

Отбасыға бала тәрбиесінде көмек көрсетудің ықпалды тәсілі – ата-аналардың педагогикалық сауатын дамытуды ұйымдастыру. Мектеп ата-аналардың педагогикалық сауатын дамытуды ата-аналар жиналысын, консультациялар, сұрақ – жауап кештерін, әкелер конференцияларын, т.б. өткізу арқылы ұйымдастыруға тырысады. Бұл орайда, әрбір мектеп өз жағдайына, «отбасы суреті» ерекшеліктеріне, оқушылар тәрбиелілігіне сәйкес ата-аналардың педагогикалық сауатын дамытудың нақты жүйесін жасайды. Көбінесе оқушылар ата-анасымен бала тәрбиесін жақсартудағы педагогикалық консультациялар және практикалық кеңестер сипатындағы жеке дара жұмыс жиі қолданылады.

Отбасы – болашақ азаматтың әлеуметтену жолындағы алғашқы қадамдарын жасайтын бастапқы адым. Ол балаға моральдық қалып туралы алғашқы түсініктер береді, оны еңбекке баулып, өз өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастырады. Ата-ананың іс-әрекеті мен мінез-құлқы, өмір сүру салты арқылы балаға дүниетанымдық, адамгершілік, әлеуметтік-саяси құндылықтар беріледі.

Отбасы, барлық уақытта да, өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесі мәселелерін шешуде үлкен мүмкіндіктерге ие болған. Қазіргі заманғы отбасының өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесі мәселелерін шешудегі ерекшелігі – ата-ананың білім және жалпы мәдени деңгейінің жоғары болуы.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Азаров Ю.П. Семейная педагогика. – М. Просвещение, 1998.
- 2 Байков Ф.Я. Ответственность родителей: заметки о воспитании. – М. Педагогика, 1999.
- 3 Дубровская Н.В. Психофизиология ребенка. – М.: Владос, 2000.
- 4 Дүйсенбинова К. Адамгершілік тәрбиесіне айқын бығыт // Қазақстан бектебі. – 1991. – №7.

ИНТЕРАКТИВНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ФИЗИЧЕСКОМ ВОСПИТАНИИ СТУДЕНЧЕСКОЙ МОЛОДЕЖИ

Сидорова Р.В., Липина С.Ф., Мендыбаева Н.А.,

Евразийский национальный университет им. Л. Гумилева, г. Астана, Казахстан

Annotation. The article contains information on a perspective and actual way of activization of interest of students to occupations by physical culture – the national dance "kara jorga" which raises an emotionality of occupations, strengthens activity of all systems of an organism and results in conscious need regular physical exercises.

Интерактивные технологии активно входят в нашу жизнь, превращая обычное в необыкновенное. Они помогают каждому человеку максимально раскрыть свой творческий потенциал, стать более успешным в учебе и работе и просто сделать мир вокруг себя ярче /1/. Введение новых подходов и методик в образование Правительством Казахстана заявлено как приоритетное направление. Одной из инноваций в физическом воспитании является внедрение современных оздоровительных методик, нетрадиционных авторских методик, таких как фитнес-йога, аэробная гимнастика, боди-флекс, гимнастика Калланетик, методика Пилатес, мышечная релаксация, стрейч-релакс, дыхательные практики А. Стрельниковой, К.Бутейко, классическая аэробика, танцевальная аэробика, поп-аэробика, которые значительно повышают эффективность занятий по физической культуре. Все большую популярность среди казахстанцев завоевывает молодежный оздоровительный танец «Кара жорга». О древнем танце «Кара жорга» в Казахстане на время забыли. Ни для кого не секрет, что в советское время все народное творчество считалось немодным и неинтересным. В результате люди начали терять свою национальную танцевальную культуру. И только с возвращением первых репатриантов на Родину исконный танец стали возрождать. Сейчас он приобретает популярность,